

**ШЖҚ «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» МКК ұжымының
жалпы жиналысының
ХАТТАМАСЫ
№1**

Атакент к.

05.03.2024 жыл

Жиналыс төрағасы: Куракбаева Сауле Жумановна – Басшы орынбасары.

Хатшы: Есенбеков Кожамет Айтуганович – заңгер.

Жиналысқа қатысқандар: ШЖҚ МКК «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасының ұжымы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

ШЖҚ «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» МКК ұжымының қызметкерлерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы 18 қарашадағы 2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңын, ҚР Қылмыстық Кодексінің 366, 367 және 368 баптарын және Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 05.07.2014 жылғы ҚР Кодексінің 34-ші тарауында көрсетілген жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу жөнінде баяндама жасау.

Басшы орынбасары С.Ж. Куракбаева: Күн тәртібінде бекітілген мәселе бойынша баяндама жасау үшін заңгер К. Есенбековке сөз берді.

Сыбайлас жемқорлық бойынша ҚР – ның 18.11.2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңы, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 05.07.2014 жылғы Қр Кодексінің 34 – ші тарауы және ҚР Қылмыстық Кодексіндегі қылмыстық жауапкершілік қарастырылғандығын мәлімдеді.

Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылыққа жол бергендерге қылмыстық жазалар қарастырылған. Атап айтқанда, ҚР Қылмыстық Кодексінің 336 – шы бабына сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның, не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіліктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару


немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі соммасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Сонымен қатар Қылмыстық Кодекстің 367 –ші бабына сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға немесе оған теңестірілген адамға жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру – мүлкітәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен отыз еселенгенге дейінгісомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімгебас бостандығынан айыруға жазаланады және ҚР Қылмыстық Кодексінің 368 –ші бабына сәйкес, парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізу немесе оны іске асыруға ықпал ету – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойынаайыра отырып, параның он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сонымен қатар, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 05.07.2014 жылғы ҚР Кодексінің 34-ші тарауындағы 676 -681 –ші баптарында әкімшілік жауапкершілікке қарастырылғаны түсіндірілді. Жалпы жиналысқа қатысушылар баяндаманы талқылау барысында өз пікірлерін ортаға салып, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресі керектігі жөнінде ойларымен бөлісті.


Жалпы жиналыс бойынша қорытынды:

1. Қазақстан Республикасы 18 қарашадағы 2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңын, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2014 жылғы 5 шілдедегі ҚР Кодексін ҚР Қылмыстық Кодекстерін талқылау және ұжым қызметкерлері алдында түсіндіру жұмыстарын одан әрі белсенді жүргізуді жалғастыру.
2. Аурухананың бөлім меңгерушілері бекітілген кесте бойынша БАҚ – да сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтардың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу мақсатында мақала жариялап отыру.

Жиналыс төрайымы _____

 С.Ж. Куракбаева

Хатшы: _____

 К. Есенбеков